

Сейдехан ӘЛІБЕК,

Мәғүесов атындағы ОҚУ

колледжінің директоры,

тарих ғылымдарының докторы, профессор.



# «ТАҒДЫРЫ ТӨЛКЕККЕ ТҮСКЕН ТҰТҚЫНДАРДЫ ТОЛЫҚ АҚТАУ – ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗЫМЫЗ»

**– Сейдехан Нұрмаханұлы, саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік және өнірлік комиссиялардың жұмысы неліктен маңызды?**

– Өткен гасырдың жиырмасыншы-елуінші жылдарының аралығы – қазақ тарихындағы ең ауыр кезеңі екеиң белгілі. Кеңестік-тоталитарлық биліктің қазақ халқына үйимдастырылған геноцидінің салдарынан ултымыз жойылып кетуге шақ қалды, Кулактар мен байларды тап ретінде жою саясатын жүзеге асыру мақсатында үйимдастырылған байлар мен орташаруаларды тәркілеу, оларды қүштеп жер аудару халықтың атамекенін тастап аяу көшуіне әкеп соқтырыды. Оның соңы жаппай ашаршылық үласти. Оған қоса дін қызметкерлері, қазақтың өнерлі, білімді, оқыған азаматтары, зиялы қауым өкілдері мен саяси қайраткерлері «халық жауы» атасын, жаппай құғын-сүргінге ушырады, жер аударылып, ату жазасына кесілді. Осылың бері үлттық генофондымызға орасан зор зиянын тигізді, санымызды кемітіп, санамызды тұмандандырып, рұхымызды жасытты. Мұның өзі үлт ретінде тарихи дамуымыздың сабактастырын үзіп, тарих сақнасынан түсіріп тастай жаздады.

Міне, сол қасіретті кезеңді толықтай зерттеп білу, құғындалған, құрбан болған азаматтарды түгел анықтап, оларды толықтай ақтау және сол кезеңде орын алған наубеттерге тарихи, құқықтық және саяси баға беру – бүгінгі отандық тарих ғылыминың, тілті, тұтас қазақ халықының алдында тұрған зор міндет.

Іә, бұл құғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмыс Сталин өмірден өткеннен кейін өткен гасырдың елуінші-алпысыншы жылдарындағы жылымың, кезеңінде басталып, сексенінші жылдардың екінші жартысындағы қайта құру кезінде там-тұмдан жүрді. Ал, елтіміз тауелсіздік алғаниан кейин бұл батытта ете ауқымды жұмыс жүргөн болатын Алауда міліттық деңгейде танылған саяси қайраткерлер, үлт зиялышары ақталғанымен, олардың құрес жолы және артында қалдырылған мұрасы толық зерттеліп біткен жоқ. Оған қоса сол кезеңде құғындалған, құрбан болған мыңдаған қаралайым адамдардың есімдері белгісіз күйінде қалып, олардың құжаттары архивтердеға сақтаулы тұрған болатын. Міне, осындағы азаматтардың ешқайсысы тарихқа белгісіз болып қалмауы тиіс. Оларға қатысты істерді жан-жақты зерттеп, толық ақтау – тарихи әділеттіліктің орнауы. Міне, сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылы құрылған мемлекеттік комиссияның қызметі үлт тарихын тану тұрғысынан ерекше маңызаға ие.

– Сіздің зерттеу бағытыңыз «1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да Еуропа елдерінде қамауга алынған қазақстандық әскери тұтқындарды, сондай-ақ, «Түркістан легионында» үақытша болған қазақстандық әскер тұтқындарды ақтау бойынша зерттеу, қорытынды және ұсыныстар дайындау» екен. Бұл тақырып несімен өзекті, неліктен осы тақырыпты таңдап алдыңыз?

– Әскери тұтқындар мәселесі саяси құғын-сүргінге қатысты әртүрлі бағыттар бойынша жүргізілген зерттеулердің тасасында қалып, көп айтылмайтын, көп қозғала бермейтін тақырыптардың бірі. Себебі, бұл тақырып езге елдермен де байланысты болғандықтан оны зерттеу біршама күрделі, әрі өзіндік қыындықтары бар. Оның үстінен «Түркістан легионына» байланысты қоғамда екішты қөзқарастар кездеседі. «Олар өз Отанына қарсы соғысты» деген

пікірлер айтылып қалады. Дегенмен, тұтқынға түсіп, кейіннен азат етілген жауынгерлерге сол кезде кеңестік билік күдікпен қарағанымен, олардың басым көшілігі сатқындық жасамаған. Әскери дайындығының жоқтығынан, қоршауда қалып немесе жарақатының салдарынан тұтқынға түскендер көп. Тілті, майдан даласында аласып кетіп, жау тылына етіп кеткендер де кездеседі. Мәжбурліктен тұтқынға түскеніне қарамастан ол адамдар соғыстан кейін тереуге алынып, көшілігі сottalған. Бұл адамдар да сол қасіретті жылдардың құрбандары, олар да тоталитарлық биліктің құғын-сүргініне үшінраган. Сондықтан бұл азаматтарды да толыктай ақтау керек.

**– Зерттеу жұмыстарыныңдың нәтижесі қандай? Соғыста тұтқын болып, елге оралған соң сол үшін істі болған жерлестеріміздің санын, олардың аты-жөнін білеміз бе?**

– Президент Жарлығы шыққаннан кейін біз комиссия мүшесі ретінде бұрынғы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивіне кіруге рұқсат алдық. Бұған дейін қупия болып келе жатқан құжаттармен таныстырылған. Атап айтқанда, Шымкент қаласы және оңтүстік өнірі бойынша саяси-құғын-сүргінге үшінраган 17 231 адамның құжаттары сол архивте сақталған. Соның ішінде 8 504-і соғыс жылдарында тұтқынға түскен адамдардың құжаттары екен. Оның 8 248-і фільтрациядан өткен адамдар. Яғни, КСРО-ның қауіпсіздік органдары бұл адамдарға күдікпен қарал, тергең-тексеруге алған. Бұл адамдар сottalмаганымен олар өмір бойы аңдуда, бақылауда болған. Қалған 356 адам сottalған. Бұлардың 100-ден астамы «Түркістан легионында» құрамында болған адамдар. Сottalғандардың біразы КСРО қылымстық кодексінің әйгілі 58-ші бабы бойынша «Отанына опасызыңың жасады» деген бапшен айналып, ату жазасына кесілген.

Біз әскери тұтқындарға қатысты архивтік құжаттармен танысып, зерделеп, қорытынды жасадық. Арасында әлі күнге реңи түрде құқықтық тұрғыда ақталмаған адамдардың бар екенін анықтадық. Бұл құжаттардың бәрін ғылыми айналымға енгізіп, оларды толық ақтау жөнінде ұсыныс әзірлейміз.

Бұрынғы КГБ-ның қупия архиві осыған дейін Шымкент қалалық полиция департаментінің ғимаратында орналасқан еді. Бірақ, біз жұмысты бастағаннан кейін көп үзамай барлық өнірдегі құжаттарды бір жерге жинақтау туралы шешім қабылданды. Бірінші болып Шымкенттегі архивті Алматы қаласындағы Президент архивіне әкетіп қалды. Бұл біздің зерттеу жұмыстарының біршама қыындықтар тұғызып отыр. Соған қарамастан біз жогарыда айттылған 8 504 тұтқынның 4 мыңдан астамының құжаттарын зерделеп, материалдар дайындаудық. Мемлекеттік комиссия жұмысының материалдары арнайы сериямен кітап болып жарияланып жатыр. Осы күнге дейін 33 том материалдар жарыққа шықты. Жұмыс әлі де жалғасып жатыр. Біз биыл Шымкент қаласы мен оңтүстік өнірден шыққан әскери тұтқындарға арнап, сол серияның бір томын кітап етіп жарыққа шығарамыз.

Бұл біздің тағдыры тәлекекке түсіп, Отанын қорғау үшін соғысқа аттанып, ол жақта амалсыздан тұтқынға түскен, жау қолында азап шеккені аздай елге оралған соң күдікке ілініп, сottalған атаптарымыздың рухының алдындағы перзенттік парызыда өтеуіміз болмак.

**– Әңгіменізге рахмет!**

Сұхбаттасқан Айдар ҚУЛЖАНОВ